

шыр ашырамыс, есіксіздері ырыжатар қысты.

Тауды өңірде өткен жылы өнеркәсіп саласында 18 122,9 миллион теңгенің өнімі өндіріліп, нақты индекс көлемі 109,4 пайызды құрады. Ауданға жыл ішінде 4 205,1 миллион теңгеге инвестиция тартылды. Нақты көлем индексі 140,3 пайызға жетті. Өңірдегі басты сала — ауыл шаруашылығы. Бұл саладан өткен жылы 20 460,2 миллион теңгенің ауылшаруашылық өнімдері өндірілді. Нақты көлем индексі 103,6 пайызды құрады. Өңірде ірі қара 51300 басқа, жылқы 28400 басқа, қой-ешкі 198200 басқа жетіп отыр. Ауданда «Тауғайбай», «Дархан», «Сейім», «Құрметкей» атты асыл тұқымды қой өсіретін шаруа қожалықтары бар.

Ең қуаныштысы, биылдан бастап ауданда жаңа иіліктердің арнасы тартылатын болады. Бұған негіз қаланып, нақты жұмыстар жүргізілуде. Олар «Ақко Енегі» ЖШС-тің жобалық құны 3 300 миллион теңгені құрайтын, қуаттылығы 15 мВт, жылына 24 мың кВт/сағат электр энергиясын өндіретін жел электр станциясының құрылысын салу үшін 50 гектар жер берілді. «Тұздыбастау» ЖШС-і жобалық құны 500 миллион теңгеге Қарқара ауылындағы Шолдыр учакесінен 10 мың тонна тұз, 10 мың тонна сода өндіретін зауыт салуды жоспарлап отыр. Биыл құрылыс жұмыстары басталатын болады. Осы арқылы 2019 жылы өнеркәсіп өндірісінің жоспары өткен жылмен салыстырғанда 500 миллион теңгеге артады.



Өз тілімізді.

Құрметті Нұрбай СОВЕТҰЛЫ!

Сізді ақпан айының алғашқы аптасында мерейлі де елеулі 60 жасқа толуыңызбен шын жүрегімізбен құттықтаймыз! «Алпыс — тал тұс» деген қанатты сөз бар. Шын мәнінде бар ғұмырыңызды туған ауданыңыздың өсуі мен өркендеуіне арнадыңыз. Қиын күндерін, жақсылығын бірге көрдіңіз. Алматы қаласындағы халық шаруашылығы институтын жүрек қалаған мамандығыңыз бойынша бітіргелі туған ел мен жер үшін аянбай қызмет етіп келесіз.

Араға 21 жыл салып қайта қалпына келген Кеген ауданында аудандық мәслихаттың хатшысы болып сайланып, үлкен істерге ұйытқы болуғасыз. Алпыс жасыңыз құтты болсын! Өсірген ұрпақтың, ел-жұрттың ортасында өмірдің бар қызығын көре беріңіз! Жасыңыз жүзге келсін, құшағыңыз гүлге толсын!

Ізгі тілек, үлкен құрметпен: Кеген аудандық әкімдігі, аудандық мәслихат аппараты мен аудандық мәслихат депутаты, аудандық ардагерлер мен ақсақалдар кеңесі.

Өкінбеймін

**Өшем деп өкінбеймін, жыламаймын,
Жыласам да жұбат деп сұрамаймын.
Қыранның құйретін қимасандар,
Қайтейін, тағдырын бер құралайдым.**

**Тағдырын бер, тағдырын құралайдым,
Қиан атып алғанша құламаймын.
Сусындатып тұп-тұйық тау бұлағы,
Жанарымда жайнаған тұнады айдым.
Сайраңдаймын сайларда, қырды**

**асамын,
Сыңсыған ну орманмен сырласамын.**

**Қарауылға ілексем, ілгейін,
Құрғынға ұқсап келмейді мың
жасағым.**

**Өшем деп өкінбеймін, қайғырмаймын,
Өткен өшті.**


**Енді оған қайрылмаймын.
Қыран да, құралай да болмақ емен,
Атымнан адам қойған айрылмаймын.**

**...Арпалысып жүргенде өмірменен,
Қай-қайдаға әкетпес көңіл деген.**

Өлсем өлем, өзімнің жерімде мен.

**Қалсам қалам, өзімнің елімде мен!
Жыламаймын, сондықтан
көңілденем.**


М.Мақатаев,





QARQARA


Газет 1931 жылдан шығады

Кеген аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет

 Qarqara.gazeti2018@mail.ru

 [Qarqara gazeti](#)

 [Qarqara.gazeti2018](#)

 [QARQARA gazeti](#)

№ 6
(31)
(8048)
9 ақпан
сенбі,
2019 жыл


Qorytyndy esep

ЖАҢА ИГІЛІКТЕР ҚАЛАНУДА

Өткен жыл Кеген ауданы үшін тарихи жыл болды. Елбасымыз Н. Назарбаевтың Жарлығымен араға 21 жыл салып Кеген ауданы қайта қалпына келді. Осы өңірдің өз перзенті, аудан әкімі Таңат Байбедилов ұмтылмайстай есте қалар жылдың нәтижелерін етжей-етжейлi әңгімелейдi. Жиналысқа облыс әкімінің орынба-

Ауданда 2101 шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері жұмыс жасауда. Өткен жылы аталған сала бойынша 12 116 миллион теңгенің өнімі өндірілген. Бюджет қоржынына 176 миллион салық құйылғы, жергілікті бюджеттің 37,9 пайызын құраған. «Бизнесің 100 жобасы» аясында 3 дүкен, 1 наубайхана, 2 көлік жуатын орын, 1 тiс емдеу кабинеті ашылды, 15 адам тұрақты жұмыспен қамтылды. Өткен жылы ауданда 3 103,3 миллион теңгенің құрылыс жұмыстары жүргізілген. Биыл 4 637 миллион теңгенің құрылыс жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр. Соғ арқалы биыл Кеген ауылынан 15 жалгерлік тұрғын үй тұрғызылады.

Жиналыста аудандық мәслихаттың депутаты Сабазжан Смағұлов сөз алып, өз алдына құрылған Кеген ауданына көптен-көп қолдау көрсетіп отырған облыс әкімі А.Баталовқа аудан тұрғындары атынан алғысын айтты. Сонымен қатар аудандағы Кеген, Қарабулақ, Ақтасты, Алғабас ауылдарындағы ауыз суы қалпына келтіруге



9 ақпан – Мұқағали Мақатаевтың туған күні

